

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАНЫҢ ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМДАРЫ

Орталық ғылыми кітапхана 1932 жылы ССРО Ғылым академиясының Алматыдағы Қазақстандық қара шаңырағында негізі қаланып, құрамында ғалымдардың сыйға тартқан 2,5 мың дана қорымен құрылды.

Міне, биыл 90 жылдық тарихы бар 5 миллионнан аса кітап қорынан тұратын ғылыми кітаптар мен мерзімді басылымдар жинақталған Қазақстанның ірі бай кітапханаларының бірі.¹ Кітапхананы ғалымдарға арнайы жасақтап, ғылыми кітапхана жасау мақсатында алыс-жақын Мәскеу, Санкт-Петербург, Орынбор, Қазан, Ташкент секілді ірі қалаларға арнайы мамандар жіберіліп, кітапханалардың дублет және резерв қорларынан, букинист дүкендерден және де жеке адамдардың сыйға берген кітаптарынан, шетел кітапханаларымен ғылыми кітап алмасу арқылы бай қор жиналған. Сонымен бірге Қазақстан облыстарына арнайы экспедициялар ұйымдастырылып, қазақ тарихына мәдениетіне, әдебиетіне, этнографиясына байланысты ел аузынан жаздырып жиналған² қолжазбаларымен бүгінгі таңда Қазақстандағы ең үлкен, әрі қоры бай «Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры» болып отыр.

Көп жылдардан бері кітапхана қызметкерлері ғылыми жұмыстармен де айналысып өз қорында бар ғылыми басылымдардың көрсеткіштерін дайындап, БҒМ ҒК ғылыми жобаларына қатысып, Қазақстан тарихына, әдебиетіне байланысты тың деректерді жинап кітапхана қорында бар жарияланбаған деректердің көрсеткіштерін жасап, жариялап келеді. Сол басылымдарға тоқтала кетсек:

1. «История Казахстана. Дореволюционный период: Аннотированный библиографический указатель казахских, русских книг и рукописей, хранящихся в фондах ЦНБ. – Алматы: Типография Комплекс, 2007. – Т.1. – 452с.; Т.2. – 544с. 2007ж. баспадан шыққан 2 томдық.
2. «Алматы қаласының мәдени мұрасы» жобасымен шығарылған «Источники и литература по истории города Алматы». – Алматы, 2008. – 488с.
3. Иллюстрированный библиографический указатель редких книг на иностранных языках, хранящихся в фонде Научной библиотеки РГП: «Ғылым ордасы». – Алматы, 2014. – 224 с.

1. Мұра: Орталық ғылыми кітапхананың 70 жылдық мерейтойына арналған жинақ. – Алматы, 2002. –250б.

2. ¹library.kz сайтынан электронды кітапхана

4. «Ғылым ордасы» Ғылыми кітапханасының Сирек қорындағы парсы тіліндегі кітаптардың каталогы. – Алматы: «Ғылым ордасы» баспа үйі, 2015. – 400 б.
5. Қазақ жазбаларындағы хандар шежіресі. – Алматы, 2015. – 309 б.
6. «Қазақ» газеті. 1915 жыл. – Алматы, 2017. – 528 б.
7. Алтай Халифа Ғақыпұлы: Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 2017. – 249 б.
8. Қытай тіліндегі тарихи жазбалардың сипатталған библиографиялық каталогы. Орталық ғылыми кітапхана қоры бойынша. – Алматы: Ғылым ордасы, 2020. – 66
9. «Жұмжұма сұлтан» дастаны. – Алматы: «Ғылым ордасы», 2020. – 112 б.
10. Майлықожа Сұлтанқожаұлының толық шығармалар жинағы. - Алматы : Ғылым ордасы, 2019. - 534 б.
11. Молда Мұсаның әдеби мұрасы және сирек қордағы ұлттық құндылықтар атты халқ. ғыл.-теор. Конференция материалдар жинағы. – Алматы: Ғылым ордасы, 2019. – 296 б.
12. «Орталық ғылыми кітапхананың қолжазба қорында сақтаулы материалдар жинағының мазмұндалған библиографиялық көрсеткіші» 1-3 бөлімі 1975, 1979, 1982 жылдары, ал 2015 жылы 4,5,6 бөлімі жарыққа шықты, қазіргі таңда осы жұмыс жалғасып 7-ші бөлімі дайындалу үстінде.

ОҒК-ның басылымдарының электронды нұсқасы туралы толық ақпаратты www.library.kz сайтынан электронды кітапхана айдарында тауып оқуға болады.

Қазақстанның Халық жазушысы М. Мағауин Орталық ғылыми кітапхананың құрылғанына 70 жыл толуына орай жазған мақаласында: «... мен Академияның қолжазбалар қорын зерделеу негізінде қазақтың жан дүниесін тереңірек тани түстім, гажайып сырлы, галамат бай тілге жетіктім, байырғы сөз жүйесі, ежелгі сөйлем үлгісі, тіл ұстарту, ой ағымы тарабында осы гасырдың басына дейін бұзылмай жеткен саф таза үлгілерден нәр алдым, осы ескі қолжазбалар менің танымым мен өрісіме гана емес, қалыпты қаламгерлік машыгыма да өзгеше ықпал жасады»³ - деп, жазады.

Кітапханамызда маман тапшылығына байланысты көптеген дүниелер ашылып, халыққа межелі түрде жете алмай келеді. Мысалы: Әбу Насыр әл-Фарабидің «Құм бетіндегі бедер мен пішін жасауды білуге құмарлық» (Китаб буғийат ал-амал фи синағат ар-рамл уа тақуим ал-ашкал)⁴ деген трактатын алсақ, Қолжазбаның түпнұсқасы Оксфорд университетінің Бодлиан кітапханасында сақталған бұл трактаттың қолжазба көшірмесі біздің кітапханаға арнайы 1968 жылы Халықаралық кітапалмасу арқылы әкелінген. Қолжазба осы уақытқа дейін еш жерде жарияланбаған, бұрын-соңды зерттелмеген, М.Ж. Көпеевтің қолжазбалары да толық жарияланып болған жоқ, қазақ этнографиясына тарихына байланысты қолжазбалар т.б. осындай дүниелер өз оқырманна жетсе деген мақсат пен мүдде бар.

Орталық ғылыми кітапхана қызметкерлерінің бай мұраны сақтап оны оқырманға жеткізуде жасап отырған еңбегі орасан зор. Кітапханадағы әр

басылым үшін оның сақталуын, құнды құжаттардың болашақ ұрпаққа жетуі үшін өздерінің бар күш жігерлерін салып еңбек етіп келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбаларды сақтаудың өзекті мәселелері, ғылыми зерттеудегі өзара ықпалдастық және жаңа технологияларды енгізу: ҚР БҒМ ОҒК ғылыми-практикалық конференциясының (Алматы, 18 қыркүйек 2002ж.) материалдары. Алматы, 2004.
2. library.kz сайтынан электронды кітапхана
3. Мұра: Орталық ғылыми кітапхананың 70 жылдық мерейтойына арналған жинақ. – Алматы, 2002. – 250б.
4. library.kz сайтынан электронды кітапхана